



EAST
KAZAKHSTAN
TECHNICAL
UNIVERSITY

Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШҚТУ ДАЙДЖЕСТІ
«2024 жылдың 2 тоқсанындағы Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ
жетістіктері мен оқиғалары»
Маусым, 2024



**ШҚТУ QS WORLD UNIVERSITY
RANKINGS-2025 ЖАҒАНДЫҚ
РЕЙТИНГІНДЕ**

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ QS World University Rankings әлемдік рейтингінде #951-1000-шы орынды және Қазақстанның 21 жоғары оқу орны арасында 10-шы орынды иеленді.

[Толығырақ](#)



**ШҚТУ THE TIMES HIGHER
EDUCATION IMPACT ТҰРАҚТЫ
ДАМУ БОЙЫНША ЕҢ ДӘЙЕКСӨЗ
РЕЙТИНГІНДЕ**

ШҚТУ ТОП 1001-1500-ге кірді және әлемдік рейтингте **1963** ЖОО арасында 1100-орынға ие болды, ал диапазон бойынша Қазақстанның 26 ЖОО арасында **3**-орынға ие болды.

[Толығырақ](#)



**ШҚТУ-НІҢ 7 БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫ IQAA ДА
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
АККРЕДИТТЕУДЕН СӘТТІ ӨТТІ**

ШҚТУ 7 білім беру бағдарламасы бойынша «Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі» (IQAA) мамандандырылған аккредиттеуден сәтті өтті.

[Толығырақ](#)



**ШҚТУ-ДЫҢ 32 БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫ САААЕ-ДЕ
АККРЕДИТТЕЛДІ**

ШҚТУ «Орталық Азия білім жүйесін аккредиттеу қауымдастығы САААЕ» аккредиттеу органында 32 БББ бойынша мамандандырылған аккредиттеуден сәтті өтті.

[Толығырақ](#)



**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІП:
СЫН-ТЕГЕУРІНДЕР, ШЕШІМДЕР
МЕН СТРАТЕГИЯЛАР» АТТЫ
ЕКІНШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕКТУ
RND FORUM 2024**

[Толығырақ](#)



**ERASMUS+, CAPACITY BUILDING
- GERMANY**

ШҚТУ айналмалы экономиканы жүзеге асыруда әлемдік қауымдастықтың толыққанды қатысушысына айналуда.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ SINGAPORE POLYTECHNIC КОМПАНИЯСЫМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ Singapore Polytechnic компаниясымен ынтымақтастықта қызмет атқарады. Қазақстан-Сингапур бизнес форумында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сапары аясында тиісті меморандумға қол қойылды.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ БАСШЫЛЫҒЫ ИНЖЕНЕРЛІК БІЛІМ БЕРУДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ

4 күн бойы конференцияға қатысушылар 25 елден келген шетелдік әріптестерімен инженерлік білім беруді дамытудың жаңа тенденцияларын, инженерлерді даярлау процесіне жасанды интеллекттің әсерін талқылады және технологияның жаңа жағдайында инженерлерді даярлаудың жаңа тәсілдерін ұсынды.

[Толығырақ](#)



ЖАҢА ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ ШҚТУ-ДА ШЫҒАРЫЛАДЫ

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ Бизнес мектебінің базасында «SOCIAL SCIENCES & DIGITAL HUMANITIES» атты жаңа ғылыми журналын шығару жоспарлануда. Журнал университеттің стратегиялық даму бағдарламасы аясында құрылады.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ-ДЫҢ 150 СТУДЕНТІ МЕН ҚЫЗМЕТКЕРІ ШАХМАРДАН ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚОР ЕСЕБІНЕН ОҚЫТЫЛАДЫ

Жобаның мақсаты - Қазақстан Республикасының жоғары оқу орталықтарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы университет студенттері мен оқытушыларына ағылшын тілін оқыту.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ ASTANA MOTORS MANUFACTURING KAZAKHSTAN КОМПАНИЯСЫМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Қазақстандағы көлік индустриясы үшін білікті кадрларды даярлау және инновациялық жобаларды іске асыру бойынша бірлесіп жұмыс істеу жоспарланды.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ СТУДЕНТТЕРІ - «ENACTUS KAZAKHSTAN» ҰЛТТЫҚ КУБОГЫНЫҢ ФИНАЛИСТЕРІ

Enactus EKTU командасы 11 жылда алғаш рет "World Cup" лигасына қатысып, еліміздің 89 жоғары оқу орны арасында Enactus Kazakhstan Ұлттық кубогында 4-ші орынды иеленді.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ – «3.2.1.БАСТА!» ПЛАСТМАССА ЖИНАУ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖОБАСЫНЫҢ ЕКІ ЖЕҢІМПАЗЫНЫҢ БІРІ

Жобаны жүзеге асырудың барлық кезеңінде ШҚТУ 4,5 тоннадан астам пластик жинап, қайта өңдеуге жіберді. Сонымен қатар, студенттерді бөлек жинақтауға үйретуде үлкен жұмыстар атқарылды.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ «І ӨНДІРІСТІК СЕКТОРДЫҢ КОНСОРЦИУМДАРЫ: ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҚТАРЫ» ГРАНТТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КОНКУРСТА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

Бұл жоба ТМК секторы компанияларының негізгі (барлау, өндіру, байыту, металлургия) және қосалқы (энергетика, техникалық қызмет көрсету және жөндеу, экология және т.б.) процестері үшін жасанды интеллектті пайдалана отырып, кешенді бағдарламалық-аппараттық шешімдерді енгізумен айналысатын "Industrial AI" құзыреттілік орталығын құруды көздейді.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ-ДЫҢ 12 ҒАЛЫМЫ «ЖАС ҒАЛЫМ» ЖӘНЕ «МОЛОДОЙ УЧЕНЫЙ» ГРАНТТЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ ҰТЫП АЛДЫ

"Жас ғалым" және "Молодой ученый" гранттық қаржыландыруға арналған конкурстардың қорытындысы шықты. Нәтижелері бойынша Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-дан бірден 13 жас ғалым өз зерттеулерін жүргізуге қаржылай қолдау алады.

[Толығырақ](#)